

### Пайдаланған әдебиеттер

1 Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Махат Д.А. Қазіргі Қазақстан тарихы: Жоғары оқу орындарының тарихшы емес мамандықтарына арналған оқулық / Б.Ғ. Аяғанның жалпы редакциясымен. – Алматы: Раритет, 2010. – 448 б.

2 Ж. Түймебаев. Ұлттық кадрларды дайындау басты мақсатымыз // Түркістан. – 2009. – 19 наурыз. №11 (765).

3 Сүлейменова Г.К., Бейсембаев А.А. Қазақстан Республикасы еңбек нарығындағы «Болашақ» бағдарламасы түлектерінің әлеуеті // Евразийское сообщество. – 2010. № 3 (71), 59-62 бб.

4 Саясат Н. «Интеллектуалды ұлт - 2020» жаңа ұлттық жобасы әрекет үстінде // Дипломатия жаршысы. - 2011. - 4 (31), 63-64 бб.

5 Саясат Н. «Болашақ» мақсатты бағдарламаларға бет бұрды // Егемен Қазақстан. 2011. – 17 маусым, №256-257 (26655).

6 Н.Ә. Назарбаев. Қазақстан білім қоғамы жолында // Егемен Қазақстан. – 2012. – 6 қыркүйек. - №588-599 (27662).

### Н. НАЗАРБАЕВ – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Жарылқасын Б.Ә.

Ғылыми жетекшісі: PhD доктор, Серубаева А.Т.  
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті  
serubaeva\_aurika@mail.ru

Ұлттық мәселені шешу кез-келген мемлекетте қай кезде болмасын саясаттың ең негізгі басым бағыттарының бірі болған. Біздің елдегі ұлтаралық саясат көпәтносты Қазақстан халқына арналған конституциялық-құқықтық базаны жасаудан бастау алады. 1995 жылғы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда қабылданған Конституцияда еліміздегі этносаралық келісімді сақтау мен дамытуға бағытталған бірқатар баптар орын алған. Ұлтаралық қатынастар мәселесін мемлекетті демократиялық, зайырлы, құқықтық деп жариялаумен шешу жеткіліксіз. Соңғы уақыттары Еуропа және Азия мемлекеттерінде орын алып жатқан этносаралық шиеленістер, тіпті этносаралық мәселелер өз шешімін тауып қойды деген мемлекеттердің өзінде де көрініс беріп отыр. Олар мемлекеттік дамудың кез-келген сатысында өмір сүреді. Ұлтаралық қатынас тұрақты әрі берік болуы үшін елде барлық этностардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға негізделіп жасалған құқықтық базасы бар және де сол құқықтар мен бостандықтарды жүзеге асыратын нәтижелі жұмыс жасайтын институттары бар мемлекетте ғана өз шешімін табады деген аксима бүгін өмір шындығына айналған [1, 111 б.].

Осындай институтты құру туралы идеяны алғаш рет 1992 жылы Тәуелсіздіктің бір жылдығына арналған Қазақстан халықтарының бірінші форумында Президент Н.Ә. Назарбаев ұсынған болатын. Қазақстан халықтарының Ассамблеясын құру туралы идея форумға қатысушылар арасынан белсенді қолдау тапты. Нәтижесінде Ассамблеяны құру бағытында үлкен дайындық жұмысы басталды.

1995 жылы 1 наурызда Қазақстан Республикасы Президентінің № 2066 Жарлығымен қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық татулықты нығайту мақсатында Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы консультативтік кеңесші орган - Қазақстан халықтары Ассамблеясы құрылды. Қазақстан халықтары Ассамблеяның (бұдан әрі ҚХА - автор) құрылуын әсіресе этникалық азшылықтар зор қуанышпен қарсы алды. ҚХА-ның жаңадан құрылған кезеңіндегі атқарған жұмысының ең негізгісін Қазақстан Республикасының

Конституциялық Сотының Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің XIII сайланған құрамын заңсыз деп тануына орай, мемлекеттік биліктің Заң шығарушы органының болмауына байланысты, сол кезеңде ҚХА бүкілхалықтық сайлау негізінде сайланған ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың өкілеттік мерзімін 2000 жылға дейін референдум арқылы ұзарту миссиясын өз мойнына алуын айтуымызға болады [2, 6 б.] . ҚХА-ның қоғамдағы рөлінің артуы мен оның беделін көтеру мақсатында 2000 жылы 3 қазанда ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың №450 Жарлығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

2002 жылы 26 сәуірде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халықтары Ассамблеясының стратегиясы мен ережесі туралы №856 Жарлыққа қол қойды [3]. Осы аталған жарлық ҚХА-ның жақын және алдағы уақыттағы даму стратегиясын анықтап берді. Алғашында ҚХА-ның орта мерзімді кезеңге арналған стратегиясы мен ережесі 2007 жылға дейін арналып жасалды. 2005 жылы 23 сәуір Қазақстан халқының бірлігі мен қоғамдағы тұрлаулылық пен келісімді нығайту мен ҚХА-ның қоғамдағы рөлін одан әрі көтеру мақсатында ҚР Президентінің №1581 Жарлығы шықты. Ол Жарлықтың негізінде Ассамблеяның орта мерзімді кезеңге арналып жасалған стратегиясы мен ережесі 2011 жылға дейін ұзартылды. Стратегияның ұзартылуы ҚХА-ның алдына жаңа міндеттерді қойды. Айталық, мемлекеттік тіл мен қазақ халқының мәдениетін арқау ете отырып, Қазақстан этностарын топтастыру жолымен қазақстандық сәйкестікті қалыптастыру; ҚХА-ның мемлекеттік органдар мен азаматтық институттармен тиімді іс-қимылдар жасауын қамтамасыз ету; этникалық факторларды саясаттандыруға жол бермеу және т.б. міндеттерді белгілеп берді.

Ассамблея құрылған уақытынан бастап, қоғамдағы өз рөлінің маңыздылығын ескере отырып, мемлекеттік ұлттық саясатты іске асыруға белсене қатынасуда. 2007 жылдың 26 шілдесінде Қазақстан Республикасы Президентінің №370 Жарлығымен Қазақстан халықтары Ассамблеясының стратегиясы мен ережесінің тақырыбы мен кіріспесіне өзгерту енгізілді. Жарлыққа сәйкес тақырыптағы және мәтіндегі «халықтары Ассамблеясының», «халықтарының Ассамблеясы» деген сөздердің орны «халқы Ассамблеясы», «халқының Ассамблеясы» деген сөздермен алмастырылды.

Осылайша, тәуелсіздігімізді алып, егемендігімізді енді нығайту үдерісі жүріп жатқан шақта республикадағы болып жатқан оқиғаларға баға беру, ұлтаралық ынтымақты сақтау және мемлекеттік ұлттық саясатты жүргізуге араласу мақсатында құрылған ҚХА өз жұмысын жүйелі түрде жүргізіп келеді. Қоғамдағы ролі мен орнының артуына байланысты ҚХА-ның даму кезеңдерін шартты түрде үш кезеңге бөліп қарастыруға болады. Атап айтқанда, бірінші кезең - 1992 жылы Қазақстан халықтарының форумы болып құрылуы; екінші кезең – 1995 жылы 1 наурызда Қазақстан халықтарының Ассамблеясы болып құрылған уақыт; үшінші кезеңге – 2007 жылы 26 шілдедегі ҚР Президентінің №370 Жарлығымен Қазақстан халқы Ассамблеясы деп өзгертілген кезең жатады. Жыл санап Ассамблеяның қоғамдағы қажеттілігіне байланысты оның мақсаты, міндеттері, қызметінің негізгі бағыттары толығып, күрделеніп үлкен бір жүйені құрауда.

Аталған кезеңдерді жеке-жеке тарқатып айтар болсақ, бірінші кезеңнің мерзімі Тәуелсіздіктің бір жылдығына арналған Қазақстан халықтарының бірінші форумы өткен 1992-1995 жылдар аралығындағы уақытты қамтиды. Осы форумда Президент Н.Назарбаев осы форумды тұрақты түрде өткізіп тұру идеясын ұсынғанын жоғарыда айтқан болатынбыз. Араға үш жыл салып, ұзақ дайындықтың нәтижесінде 1995 жылы қоғамдық институт Қазақстан халықтары Ассамблеясы құрылды. Екінші кезең аралығын 1995 жылы 1 наурызда Қазақстан халықтары Ассамблеясының құрылуы мен 2007 жылғы 26 шілдеге дейінгі уақыт аралығы қамтиды. Үшінші кезеңге – 2007 жылдың 26 шілдесінде ҚР Президентінің №370 Жарлығымен «Қазақстан халықтары Ассамблеясы» атауының «Қазақстан халқы Ассамблеясы» деп өзгертілген уақыты сәйкес келеді. Бұл кезең бүгінгі күнге дейінгі уақытты қамтиды. Конституцияға енгізілген өзгертулер мен толықтырулар негізінде ҚР Парламент

Мәжілісіне ҚХА-дан 9 депутаттың сайлануы заңдастырылды [4, 19 б]. Демек ҚХА-ның қоғамдағы рөлінің артуына байланысты, Конституциялық мәртебеге ие болды. ҚХА-дан сайланған депутаттар мемлекеттік ұлттық саясатты жүргізуде, елімізде өмір сүріп жатқан барлық этностар мен этникалық топтардың мүддесін ескере отырып жүргізуге өз ықпалын тигізу мақсатымен сайланды. 2006 жылы 28 маусымда Қазақстан Республикасы Үкіметінің №593 қаулысымен «Этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделін жетілдірудің 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасы» бекітілді.

Ол бағдарламаның міндеті – республикадағы этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделін жетілдіруді қамтамасыз ететін іс-шаралар кешенін әзірлеу және іске асыру; елдегі әлеуметтік-саяси ахуалдың, конфессияаралық және этносаралық қатынастар саласындағы ахуалдың және қоғамдағы әлеуметтік-психологиялық шиеленіс деңгейінің мониторингі, диагностикасы және оларды болжау; ішкі саяси тұрақтылықты, этносаралық және конфессияаралық келісімді нығайту болып табылады. Сондай-ақ бағдарлама ғылыми-әдістемелік, ұйымдастырушылық-практикалық; ақпараттық-насихаттық бағыт бойынша жұмыс жасайды. Аталған бағдарлама аясында шетелдердегі отандастарымызбен қарым-қатынастарды нығайту барысында біршама жұмыстар атқарылды. Сонымен қатар Ассамблеяның шетелдік ресми және қоғамдық ұйымдарымен қатынасы нығайа түсті.

Президент Н.Назарбаев 2007 жылғы 28 ақпандағы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында қоғамдық келісім мен тұрақтылықты одан әрі жетілдіру мақсатында ҚХА-ның рөлін арттыру міндетін қойды. Аталған мәселеге байланысты Президент Ассамблея өзінің дамуының жаңа кезеңінде мынадай міндеттерді шешуге тиіс: біріншіден, халықтардың бірлігін нығайту мен қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз ету; екіншіден, Қазақстанның барлық азаматтары үшін ұлттық, әлеуметтік, шығу тегіне қарамастан тең азаматтығын нығайту; үшіншіден, қоғамдағы этносаралық және конфессияаралық келісім мен ықыластылықты одан әрі нығайтуға қажетті қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету; төртіншіден, қоғамдағы экстремизм мен радикализмнің кез келген көріністеріне және азаматтардың конституциялық құқықтарына қысым жасауды көздейтін әрекеттерге қарсы тұрудың алдын алу деп атап көрсеткен болатын [5, 65-66 бб.].

2008 жылы 20 қазанда «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заң қабылданды. Осы заң Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ұлттық саясатты іске асыруға, қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге, мемлекеттік және қоғамның азаматтық институттарының этносаралық қатынастар саласындағы өзара іс-қимылының тиімділігін арттыруға бағытталған Қазақстан халқы Ассамблеясының мәртебесін, оны қалыптастыру мен жұмысын ұйымдастыру тәртібін айқындайды [6].

Қазақстан халқы Ассамблеясы заңды тұлға құрмайтын, Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы мекеме болып табылады. Ассамблеяның мақсаты – қазақ халқының топтастырушы рөлін арқау ете отырып, қазақстандық патриотизм, Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени ортақтығы негізінде қазақстандық бірдейлікті және бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру процесінде Қазақстан Республикасында этносаралық келісімді қамтамасыз ету болып табылады [6, 1 б.].

Ассамблея - тілдер мен ұлттық мәдениеттерді, салт-дәстүрлерді қайта жаңғырту және насихаттау; қазақстандық және ұлттық отан сүйгіштікті қалыптастыру; ұлтаралық татулық пен келісімді нығайту; Қазақстанды мекен еткен ұлт өкілдері арасында достық қарым-қатынастардың дамуына негіз болатын мемлекеттік саясат жүргізу жөнінде ұсыныстар дайындау ісімен айналысады.

Ассамблеяның қызметімынадай міндеттерді шешуге: қоғамда ұлтаралық келісім мен тұрақтылықты сақтауға; Қазақстан территориясында өмір сүретін этнос өкілдерінің арасында достастық қарым-қатынасты дамытуға мүмкіндік беретін олардың рухани-мәдени дамуы мен тең құқықтық принципті сақтау негізінде дамуға мүмкіндік беретін мемлекеттік саясатты

жүргізуге ұсыныстар беруге; өркениеттік және демократиялық нормаларға негізделген азаматтардың саяси мәдениетін қалыптастыруға; мемлекеттік ұлттық саясат жүргізу кезінде барлық этностардың мүдделерін ескеруді қамтамасыз етуге; қоғамда туындайтын әлеуметтік қайшылықтарды шешуде ымыраға келу жолдарын іздестіруге бағытталған.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының Ғұмырлық Төрағасы болып табылады. Төраға Ассамблея мүшелерінің ұсынысы бойынша өзіне екі орынбасар тағайындайды. Сессияны төраға шақырады. Ассамблеяның сессиясы кем дегенде жылына бір рет өткізіліп тұрады. Сессияның күн тәртібінде қаралатын мәселелер шамамен көрсетіліп, оның өтетін күні, айы, өтетін жері мерзімінен бір ай бұрын хабарланады. ҚХА-ның кезектен тыс сессиясын Ассамблеяның төрағасы өз бастамасымен немесе Ассамблея мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен бірінің ұсынысы бойынша шақырылады және де шешім қабылданған күннен бастап бір ай мерзімінде өткізіледі. Ассамблея мәжілістері арасындағы жұмысты ҚР Президентінің шешімімен құрылған Ассамблея Кеңесі жүргізеді. Ассамблея Кеңесінің құрамын ҚР Президенті бекітеді. ҚХА Кеңесі этно-мәдени бірлестіктер, ардагерлер кеңесі өкілдерінен, кіші ассамблея жетекшілерінен, сондай-ақ, Ассамблеяға мүше басқа да тұлғалардан құралады. ҚХА-ның құрамы мемлекеттік орган өкілдерінен, этномәдени және басқа да қоғамдық бірлестіктерден, сондай-ақ қоғамда саяси-қоғамдық беделді тұлғалардан құралады. ҚХА-на мүшелікке кандидаттар тең арақатынас қағидасы бойынша жергілікті жерлердегі Қазақстан халқының кіші ассамблеясы, республикалық және аймақтық этномәдени бірлестіктер, Ассамблея Кеңесінің мүшелері ұсынады. Ассамблея төрағасының орынбасарлары басқаратын Кеңес атқарушы хатшылық жұмысын басқарумен айналысады. Ассамблеяның жұмыс органы Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Ішкі саясат бөлімі болып табылады.

ҚХА-ға кандидаттар этномәдени бірлестіктердің ұсынысы бойынша кіші ассамблеялардың шешімімен, ал аймақтық және республикалық қоғамдық бірлестіктер олардың жоғарғы органдарының шешімімен ұсынылады.

Кіші ассамблеялардың жұмыс органдары облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері аппараттарының құрамына құрылымдық бөлімшелер ретінде кіретін олардың хатшылықтары болып табылады. Кіші ассамблея хатшылығының меңгерушісін кіші ассамблеяның төрағасы ҚХА-ның жұмыс органымен келісім бойынша тағайындайды. Кіші ассамблея хатшылығының меңгерушісі өзінің мәртебесі бойынша кіші ассамблея төрағасының орынбасары болып табылады.

Жыл сайын республикалық және жергілікті бюджеттен этномәдени бірлестіктерге қаржылай көмек беріліп тұрады. Ал этномәдени бірлестіктердің жетекшілеріне Президенттік гранттар тағайындалады. Сонымен қатар Ассамблеяға материалдық көмек ерікті қайырымдылықтар мен Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де қаржы көздері есебінен жүзеге асырылады. Ассамблеяның жұмысын қайта құру немесе тоқтату ҚР Президентінің өз бастамасымен немесе кем деген Ассамблея мүшелерінің үштен екісінің ұсынысы бойынша іске асырылады [7, 11-12 бб.].

ҚХА Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымының құрылымдарымен тығыз іскерлік байланыстар орнатқан. Осы ұйымның қолдауымен Ассамблея ұлтаралық қатынастар мәселелерін зерттейтін талдау орталығын құрды. Әрбір сессияда Қазақстан қоғамының экономикалық және саяси реформалануын дамытуға байланысты қоғамның әлеуметтік-саяси өмірінің маңызды мәселелері талқыланып отырады.

Бүгінгі күні Қазақстан халқы Ассамблеясы өзінің өмір сүру кезеңінде еліміздегі этносаралық қатынасты реттейтін, мемлекеттік ұлттық саясатты жүргізуде әрбір этностың мүддесін білдіретін, елімізде өмір сүріп жатқан барлық этностар мен этникалық топтардың тілі мен мәдениетін түлетуде, қоғамда этностар арасында ынтымақ пен келісім сақтау

бағытында айтарлықтай бірқатар жұмыстарды еңсерген, беделгі қоғамдық институтқа айналды.

**Пайдаланған әдебиеттер:**

1 Народы Қазақстана. Энциклопедический справочник. – Алматы: Издательство «Арыс», 2003. – 352 б.

2 Дымов О.Г., Оралбаев У.О., Примин В.В. Қазақстан халықтарының Ассамблеясы. - Алматы: «Қазақстан», 1997. – 96 б.

3 // Егемен Қазақстан. – 2002. – 26 сәуір. - № 97

4 Конституция Республики Казахстан. – Алматы, 2008. – 44 б

5 Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. – Астана, 2007. – 70 - б.

6 Егемен Қазақстан. – 2008. – 21 қазан. - № 319-320 (25290)

7 Кабульдинов З.Е. Народ Казахстана: история и современность. – Астана, 2007. – 200 б.